

## Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 2 қарашадағы № 389-V ҚРЗ.

Баспасөз релизі!

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы Заң 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілуі 31.12.2026 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 30.06.2016 № 5-VI Заңымен.**

1-бап. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 48-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"48-1-бап. Мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықта (аукциондарда) сатып алу ерекшеліктері";

2) 24-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына осы Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда жеке меншік құқығымен беріледі.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру осы Кодекстің 9 және 48-баптарында белгіленген ережелер ескеріле отырып, ақылы негізде сауда-саттықта (аукциондарда) жүзеге асырылады.

3) алып тасталды – ҚР 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) алып тасталды – ҚР 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды – ҚР 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алып тасталды – ҚР 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) мынадай мазмұндағы 48-1-баппен толықтырылсын:

**"48-1-бап. Мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықта (аукциондарда) сатып алу ерекшеліктері**

Мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне құқықтарды сатып алу мынадай кезектілікпен:

1) жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын арттыру шартымен сауда-саттықтың аукциондық нысаны арқылы;

2) жер учаскесін оның кадастрлық (бағалау) құнын арттыру шартымен кемінде екі аукцион өткізу қорытындылары бойынша сату мүмкін болмаған кезде жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын төмендету шартымен сауда-саттықтың аукциондық нысаны арқылы ерекше тәртіппен жүзеге асырылады.

Бұл ретте жер учаскесін оның кадастрлық (бағалау) құнының елу пайызы мөлшерінен төмен бағаға сатуға жол берілмейді.";

8) 49-баптың 4-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

9) алып тасталды – ҚР 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) 97-бапта:

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына:

шаруа немесе фермер қожалығын, тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, орман өсіру, қосалқы ауыл шаруашылығын жүргізу үшін жеке меншікке;

ғылыми-зерттеу, тәжірибе жүргізу және оқыту мақсатында, бақша шаруашылығы, шалғайдағы мал шаруашылығы, мал жаю мен шөп шабу үшін жер пайдалануға беріледі .";

11) 101-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер учаскелері шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына – жеке меншік құқығымен, ал шалғайдағы мал

шаруашылығын жүргізу (маусымдық жайылым) үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен осы Кодекске сәйкес беріледі .";

12) 171-бап мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесі осы Кодекстің 48-1-бабы қолданысқа енгізілгенге дейін шаруа немесе фермер қожалығын және тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану (жалдау) құқығымен берілген Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғалары жер учаскесін не оның бір бөлігін уақытша жер пайдалану (жалдау) мерзімі аяқталғанға дейін жеке меншікке оның кадастрлық (бағалау) құнының елу пайызы мөлшерінде айқындалатын жеңілдікті бағамен, төлеу мерзімін он жылға дейін ұзартып сатып алуға құқылы.

Егер мұндай жер учаскесі олардың иелері шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына салым ретінде немесе өндірістік кооперативтерге жарна ретінде берген жер үлестері есебінен қалыптасқан жағдайда жер учаскесін сатып алу не сатып алу құқығынан бас тарту мәселесі шаруашылық серіктестіктерге қатысушылардың және өндірістік кооперативтер мүшелерінің жалпы жиналысында шешіледі.

Қатысушылардың (мүшелердің) жалпы жиналысы уақытша жер пайдалану (жалдау) мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бір жыл бұрын болуға тиіс және шаруашылық серіктестіктерге қатысушылардың және өндірістік кооперативтер мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып саналады.

Жер учаскесін жеке меншікке сатып алу бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, шаруашылық серіктестіктерге қатысушылар және өндірістік кооперативтердің мүшелері қатысушылар (мүшелер) құрамынан шығуға құқылы. Бұл ретте шаруашылық серіктестік немесе өндірістік кооператив Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесін бөліп шығаруға не оның құнын төлеуге міндетті.

Үлес немесе пай есебіне нақтылы бөліп шығарылатын жер учаскесінің орналасқан жері шаруашылық серіктестіктердің, өндірістік кооперативтердің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен немесе тараптардың келісімімен айқындалады.

Егер уақытша жер пайдаланушы жер учаскесін не оның бір бөлігін сатып алу құқығын жалдау мерзімі аяқталғанға дейін осы Кодексте көзделген тәртіппен іске асырмаса, оның жер учаскесіне не оның бір бөлігіне жер пайдалану құқығы тоқтатылады және жер учаскесі не оның бір бөлігі одан әрі сауда-саттықта ( аукциондарда) сату үшін мемлекет меншігіне қайтарылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын және тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін төлеу мерзімін ұзартып не жеңілдікті бағамен жер учаскесін бұрын сатып алған Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғалары

2016 жылғы 1 шілдеге дейін жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнының кемінде елу пайызын төлеген кезде ол үшін қосымша төлем алмастан, осындай жер учаскесінің меншік иелері болады.

Осы баптың сегізінші бөлігінің ережелері жеңілдікті бағаны 2016 жылғы 1 шілдеге дейін толық төлеу шартымен шаруа немесе фермер қожалығын және тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскесін бұрын жеңілдікті бағамен төлеу мерзімін ұзартып сатып алған адамдарға да қолданылады."

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 13.05.2021 № 39-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**2-бап. Осы Заң 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.**

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК